

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСҚА ҚАТЫСҚАН АҚМОЛАЛЫҚ ӘСКЕРИ ДИВИЗИЯЛАР

Қ.А. ЕҢСЕНОВ,

Мемлекет тарихы институты,

аға ғылыми қызметкер,

Жас тарихшылардың республикалық

қауымдастығының төрағасы, т.ғ.к.

Астана қ., Қазақстан

Әлем тарихында 1939 жылы 1 қыркүйекте гитлершіл Германия Польшаға тұтқиылдан шабуыл жасап, Екінші дүниежүзілік соғыстың өртің тұтатты. Содан бері 70 жыл өтсе де, адамзат өзінің тарихындағы осынау қасіретті дәуірге қайта-қайта назар аударуда. Соғыстың қарсаңындағы жағдайға, оның басталуы мен аяқталуына, халықаралық қатынастардың соғыстан кейінгі дамуына байланысты көптеген жайттарға қайтадан ой жіберуде. Тарихтың жекелеген беттерін түсінуден, оларды субъективті түрде қабылдаудан, ақтаңдақтардың орын алуынан туған талас-тартыстар жалғасып жатыр.

Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына ғана емес, сонымен қатар оның барысына антигитлерлік коалицияға қатысушылардың ондағы ынтымақтастығының ерекшеліктеріне, Ұлы Отан соғысының шайқас алаңдарындағы жеңістер мен жеңілістерге, кеңестік командованиенің біліктілігін болашақта әлі де талай рет қайта қарау қажет. Көптеген нәрселер қайта бағалауды және жаңа көзқарастарды талап етуде. Өйткені бізде тарих тым сыңаржақ және бұрмаланып жазылып келді. Мысалы, 1939 жылғы шарт туралы бізде ұзақ уақыт бойы айтуға болмайтын еді [1].

Ұлы Отан соғысы қарсаңында 1939 жылы Ақмола облысы қайта құралып, Ақмола қаласы облыстық әкімшілік орталық болып белгіленді. Дәл осы Ақмолада әскери дивизиялар жасақталған.

Соғыс басталғанда Ақмола қаласында әскери құрамалардан – 310, 387, 29-атқыштар және 106-атты әскер дивизиялары құрылды. Олар Ақмола, Қарағанды және Қостанай облыстарынан алынған адамдардан жасақталды. Ақмола қаласынан шақырылған 14 723 сарбаз осы және басқа да құрамалар сапында Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін жан аямай шайқасты. Олардың жартысы – 7 414 майдангер ерлікпен қаза тапты.

Майданда көрсеткен ерліктері үшін көптеген ақмолалық майдангер ордендермен және медальдармен марапатталды. Атап айтқанда, 41 адамға ең жоғарғы награда – Кеңес Одағының Батыры атағы берілді, 7-уі «Даңқ» орденінің толық иегері болды. Олардың ішінде Кеңес Одағының Батыры атағына екі мәрте ие болған ұшқыш генерал-майор Талғат Бегилдинов, Кеңес Одағының Батыры, егемен еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов, Ақан Құрманов, Әлмұхан Сембинов, Виктор Малышев, Юрий Малахов, Алексей Петров, Михайл Сальников, «Халық Қаһарманы» Рейхстагқа жеңіс туын тіккендердің бірі Рақымжан Қошқарбаев және басқалар бар.

Соғыс басталған 1941 жылдың 25 шілдесінде Ақмолада жасақталған 310-атқыштар дивизиясы сол жылдың қыркүйегінде Ленинград майданында фашистерге қарсы ұрысқа кіріседі. Аталмыш дивизияның жауынгерлері әйгілі «Өмір жолын» құруды қамтамасыз етті. Сонда Ладога көлінің мұзы арқылы Ленинградқа азық-түлік пен жүк тасыған жауынгерлер – жүргізушілердің жартысы біздің жерлестеріміз болатын. Дивизия Новгород, Ленинград және Псков облыстарын, Польшаны басқыншылардан азат етті, жаудың Шығыс Померан, Берлин әскери тобын талқандауға қатысты, Эльбаға дейін барды. Соғыс жылдарында дивизияның қаһармандығы құрметіне алты рет Мәскеуде салют берілді. Даңқты генерал Сағадат Нұрмағамбетов осы дивизия құрамында шайқасқан.

Ақмолада жасақталған 387-атқыштар дивизиясы 1941 жылдың қараша айында Батыс майдан құрамында ұрысқа қатысты. 1942 жылдың желтоқсанында Сталинград түбінде кескілескен майданда болды.

1944 жылы Қырым үшін шайқаста Прекоп қаласын азат еткені үшін ақмолалық құрамға «Прекоп дивизиясы» деген құрметті атақ берілді.

Ақмолалық 29-атқыштар дивизиясы Сталинград үшін шайқастағы ерлігі үшін 72-гвардиялық дивизия болып аталды. Оның 31 жауынгері мен командиріне ең жоғарғы марапат – Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Ақмола жерінде сондай-ақ, 106-атты әскерлер дивизиясы, 54-марштық автомобиль батальоны жасақталды. Осы облыстан майданға алынған жауынгерлер басқа да әскери құрамалар мен бөлімшелер құрамында болып, барлық жерде де табандылықпен қорғай алатын нағыз, ержүрек жауынгерлер ретінде таныла білді [2].

Осы жоғарыда аталған ақмолалық әскери дивизиялардың соғысқа қатысуы және ондағы ерліктері туралы нақты деректер Мәскеу қаласының жанындағы Подольскіде Ұлы Отан соғысының тарихына қатысты мұрағат құжаттарында жинақталған. Ол мұрағат қорларының ішінен Астана қалалық мұрағатына жеткізілген бірқатар құжаттардың көшірмелері бар. Бұл құжаттар жоғарыда аттары аталған ақмолалық әскери құрамалардың соғысқа қатысқандағы ұрыстарынан, ерліктері мен әскери іс-қимылдарын айғақтай түседі.

Енді, осы ақмолалық әскери құрамалардың соғыстағы жорық жолдары мен ерліктеріне қатысты мұрағат деректеріне назар аударсақ.

Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан 29-шы атқыштар дивизиясы 1941 жылы Ақмолада жасақталғаны туралы мәліметті нақтылай түсетін мұрағат деректері бар екен. Оған назар аударсақ, жауынгерлердің қандай әскери іс-қимылдарға қатысқаны, жеңістерге жеткені және жорық жолдары баяндалған. Бұл әскери дивизия 1941 жылы И.В. Сталиннің бұйрығымен құрылып, 1942 жылдың сәуір айында 1-ші резервтік армия деп саналған. Дивизия құрамына кіргендер: 106, 128, 299 атқыштар полкі, 77-ші артиллериялық полк, арнайы танкке қарсы атқыштар дивизиясы және жеке саперлер батальоны.

Әскери дивизияның жеке құрамасы Ақмола, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарынан әскерге шақырылған азаматтардан

құралып аттанғанда, оларға кейінірек Украина және Белоруссия жерлерінен жауынгерлер қосылған. Олар әскери өнерді меңгеруге талпынып, майданға аттануға дайын тұрған, жалындаған жігерлі жастардан құралған. Осылайша, жауынгерлердің әскери жаттығулары да қыстың қақаған суығында басталды. Олардың әрқайсысы тактика жаттығуы, ұзаққа созылған жол сапардағы сап түзеп жүру сияқты дайындықтар жасаудан бастады. Қиын және ауыр жол, әскери жаттығулардан ешкім шағымданбаған. Өйткені соғыс бұдан да қиын түсетіні белгілі еді. Сондықтан әркім оны жақсы түсінді.

Әскери құрама жауынгерлері шайқасуға барғанда, 1942 жылы 3 тамызда Дон өзенінен неміс-фашист басқыншылары шайқаса отырып, көптеген шығындармен Котельниково қаласын алып, солтүстік-шығысқа қарай жылжыған. Дәл осы тұста әскери дивизия командирінің бұйрығымен Ақсай өзенінде қорғаныс амалдарын ұйымдастырып, 6 тамызда қарсылас жаққа шайқас бастады. Бұл жерде ұрысқа қатысқандар 128-атқыштар полкі мен 106-атқыштар полкі болды.

Шайқаста жау жағынан жүздеген танктер мен ұшақтар аттандырылған. Соңынан шеру тартқан неміс солдаттары бірінен кейін бірі шайқасуға бетпе-бет келген. Бірақ кеңестік әскер өзінің табандылығымен қарсы тұрды. Екі жақтың шайқасы кезінде немістер жағынан 1200 солдат және офицерлерінің көзі жойылып, көптеген танктері талқандалды. Шайқас болған 7–10 тамыз күндері неміс әскерінің жекелеген құрамаларынан бір жарым батальон жаяу әскері талқандалған. Ал немістерден тұтқынға түскендер саны – 960 адам болған.

Осы шайқас ары қарай қалған әскери құрамалар арасында жалғасып, 29 тамызда немістер өз әскери топтарының күшін біріктіріп, танк және ұшақтармен қоршауды бұзып шығуға ұмтылып, Котельниково қаласының маңында ұрыстарды бастаған. Нәтижесінде, неміс әскері қоршауды бұзып, 29-шы атқыштар дивизиясын шеңбер тәрізді қоршауға алған. Бұл жерден кеңестік әскери дивизия 31 тамызда құтылып шыққан. Ал неміс әскері Сталинградқа келіп жеткен. Дәл осы сәтте 29-шы әскери дивизия жауынгерлері 1942 жылдың 2 қыркүйегінде

Сталинградтың оңтүстік жағын қорғаныс жасауға бекінген. Осы жерде жау әскері тоқтатылған [3].

Осы 72-ші атқыштар дивизиясының Сталинградты қорғауға қатысуы 1942 жылдың 1 қыркүйегінде Сталинград майданын ашу туралы бұйрықпен тұспа-тұс келді. Онда жау әскерін Еділ (Волга) өзенінен өткізбеу, қаланы қорғау тапсырылған. Ол бүкіл халықтың талабы саналған. Ал әскери кеңес барлық жауынгерлерден, командирлерден, саяси басқарма адамдары мен басқа да қорғаушылардан табандылықпен қорғауды сұраған. Дәл осы жерде немістер Сталинградты жаулап алып, Мәскеуге өтуді мақсат еткен.

Шайқас басталардың алдында неміс әскері Кеңес әскерлеріне психологиялық жағынан үрей туғызу үшін бастарындағы каскаларын шешіп, тұс-тұстан шеру тартып шабуылға шыққан. Бірақ олардан Кеңес әскері қорыққан жоқ, керісінше табандылықпен қарсы тұрып, лейтенант *Каляданың* ротасы немістердің үш мәрте шабуылына қарсы тұрды. Қақтығыста немістер жағынан 300 солдат пен офицер қаза тапқан.

Сондай ерлік көрсеткендердің қатарында политрук *Рязановтың* автомат асынған 10 жауынгері де болды. Олар немістердің тегеурінді шабуылына қарсы тұрып, бір батальон жау әскерімен шайқаса отырып, қоршауды бұзып шыққан.

Шайқасқа қатысқандардың арасында мергендердің де құрамалары болған. Мәселен, 99-шы атқыштар полкінен кіші политрук *Савченко* көптеген немістердің көзін жойды. Ол кейбір күндері 12 жау солдаттарының көзін жойған. Ал мерген кіші лейтенант *Иванов* 71, мерген *Мишин* 20 немісті атып түсірген. Осылар сияқты т.б. мергендер де өз үлестерін қосқан. Сөйтіп, барлығы өздерінің Отан алдындағы борыштарын адал атқаруға тырысқан.

Ақмолада құрылған 310-шы атқыштар дивизиясының жауынгері ретінде соғысқа аттанған Қаматай Темірбекұлы Тоқабаев қазіргі күнде тірі жүрген ардагер. Майданға жауынгер 1942 жылдың тамызында аттанып, бірінші шайқасын Ленинград қоршауынан бастаған, содан кейінгілері – Сталинград шайқасы, Кавказ аяқасы, Курск доғасы, Левобө-

режье, Австрия жерлеріндегі соғыстарға қатысқан. Майдан біткен соң, Германия жерінде Шентау қаласында жасырынған жау қалдықтарын құртады [4].

Жалпы қорытындылай келгенде, Ақмола жерінде құрылып, майданға аттанған әскери дивизиялар майданда түрлі жерлерде шайқастарға қатысып, Кеңес Одағының әр республикаларынан келген жауынгерлермен бірге ерліктер көрсетіп, жараланғандары, тіпті тең жартысы соғыстан қайтпай қалғандары да болды. Осы Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, өмірлерін қиған жандардың бар алға қойған мақсаты келешек жас ұрпақтың бақытты да бейбіт өмір сүруіне жағдай жасау болатын. Сондықтан қазіргі жас ұрпақ соғыс жылдарында жанын қиып, Отан қорғау жолында қаза тапқан аға буынның рухына тағзым етіп, әрқашан естерінде сақтауы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Көлбаев Т. Екінші дүниежүзілік соғыс қалай басталды? // Алаш айнасы, 16 қыркүйек, 2013 жыл. 4-б.
2. «Астана». Кітап-альбом. «Әдебиет» ҚБ, Астана, 2012 ж. 62-63 бб.
3. Астана қалалық мемлекеттік мұрағаты. 430-к., 14-т., 16-іс, 3-6-пп.
4. Парад Победы 24 июня 1945 года в городе Москва. Воспоминания ветерана ВОВ и участника Парада Победы сержанта четвертой гвардейской танковой Армии Токабаева Каматая Темирбековича. Астана, 2008. 157-158-бб.